



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

03.07.2025 жыл

№ 6, 4-т.

Алматы қалалық «Ұстаз» жергілікті кәсіптік одақ ұйымында еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау және құқық қорғау жұмысын ұйымдастыру, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс туралы.

Алматы қалалық «Ұстаз» жергілікті кәсіподақ ұйымында еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау және құқық қорғау жұмысын ұйымдастыру, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс туралы ақпаратты тыңдай және талқылай келе, Атқару комитеті атап көрсетеді:

Алматы қалалық «Ұстаз» кәсіподақ ұйымы тарапынан білім беру саласы қызметкерлерінің еңбек құқықтарын сақтау және кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын қорғау бойынша белгілі бір жұмыстар жүргізілуде. Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын сақтауына қоғамдық бақылауды ұйымдастыру, кәсіподақ мүшелеріне құқықтық көмек көрсету, кәсіподақ активін оқыту, мүшелердің өтініштерімен жұмыс істеу бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда.

«Ұстаз» кәсіподақ ұйымы 2023 жылдың басынан бастап Қоғамдық бақылау жүргізу туралы нұсқаулыққа сәйкес білім беру ұйымдарында тексерулер өткізуде. Тексерулер нәтижесінде:

- 2023-2025 жылдары 20 білім беру ұйымында тексерулер жүргізіліп, 43 құқық бұзушылық анықталды (оның ішінде еңбекақы төлеу бойынша – 5, еңбек қатынастарын рәсімдеу – 29, басқа да мәселелер – 9);

- анықталған бұзушылықтар бойынша жұмыс берушілерге оларды жою туралы ұсыныстар жіберілді.

2025 жылы тексеру саны айтарлықтай артты (2023 жылы – 5 ұйым, 2025 жылы – 14 ұйым).

2023-2025 жылдары құқықтық мәселелер бойынша 5 884 кеңес берілді (жазбаша және ауызша өтініштерді қоса алғанда). Еңбек заңнамасы, ұжымдық шарттар, кадрлық іс жүргізу бойынша 17 оқыту семинары өткізілді.

Кәсіподақ активтерімен жұмыс беруші өкілдеріне арналған 3 әдістемелік ұсыным әзірленді. Құқықтық қызметтің нәтижесінде 2023-2024 жылдары 107 млн. теңгеден астам экономикалық тиімділікке қол жеткізілді.

Кәсіподақ мүшелеріне консультативтік көмек көрсетіліп, 5 800-ден астам өтініш қаралды, келісу комиссияларының жұмысын ұйымдастыру, кәсіподақ активін оқыту бойынша шаралар қабылдануда.

Іс жүргізу және құжат айналымы бекітілген нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі, ААЖ платформасында электронды құжат айналымы жүйесі енгізілген. Істер номенклатурасына сәйкес жеке істерді, хат алмасуды, бұйрықтарды, өтініштер мен жеке қабылдауды есепке алу қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, қызметті зерделеу барысында бірқатар жетілдіруді талап ететін мәселелер де анықталды: аппарат қызметкерлерінің кейбірінің лауазымдық нұсқаулықтарының болмауы, нұсқаулыққа сәйкес өтініштер мен шағымдарды тіркеу журналдарын жүргізудің қажеттілігі, сондай-ақ қоғамдық бақылаумен қамтылатын ұйымдардың ауқымын кеңейту.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қалалық «Ұстаз» жергілікті кәсіподақ ұйымында еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау және құқық қорғау жұмысын ұйымдастыру, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Жергілікті «Ұстаз» кәсіподақ ұйымының басқарушы органдарына:

2.1. Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын, келісімдер мен ұжымдық шарттардың талаптарын орындауына қоғамдық бақылау аясында тексерулер жиілігін арттыру бойынша шаралар қабылдасын;

2.2. Еңбек заңнамасы, ұжымдық шарттық қатынастар, келісу комиссияларының жұмысы мәселелері бойынша кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыруды жандандырсын;

2.3. Кәсіподақ мүшелеріне көрсетілетін құқықтық қызмет түрлерін кеңейту, әлеуметтік әріптестік актілеріндегі әлеуметтік пакет көлемін ұлғайту арқылы құқықтық қорғау жұмысының экономикалық тиімділігін арттырсын;

2.4. «Ұстаз» жергілікті кәсіподақ ұйымы аппаратының барлық мамандары үшін лауазымдық нұсқаулықтар әзірлесін және бекітсын;

2.5. Нұсқаулықтың 3 және 4-қосымшаларына сәйкес шағымдар мен өтініштерді тіркеу журналдарын жүргізуді ұйымдастырсын;

2.6. Филиалдарға келіп түскен өтініштердің тақырыптық мазмұны бойынша мониторинг пен талдауды жандандырсын;

2.7. Құжат айналымын цифрландыруды жалғастырсын, ААЖ электронды жүйесімен филиалдардың 100% қамтылуын қамтамасыз етсін.

3. Орталық комитет аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөліміне (Р.М. Қыдырбаева) «Ұстаз» жергілікті кәсіподақ ұйымының мамандарына жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын, келісімдер мен ұжымдық шарттарды орындауына қоғамдық бақылау ұйымдастыру бойынша әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету жүктелсін.

4. Алматы қалалық «Ұстаз» жергілікті кәсіподақ ұйымының төрағасы С.К.Байгуттинов **2025 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі** мерзімде Орталық комитет аппаратына анықталған ескертулерді жою бойынша қабылданған шаралар туралы жазбаша ақпарат ұсынсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева